

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 11-82-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 қарашада № 6412-13 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінің 510-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 маусымдағы № 4-44-VIII шешімімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6317-13 тіркелген) Сарыағаш ауданының Сарыағаш қаласы мен елді мекендер жерлерін аймақтарға бөлу жобасы схемасы негізінде, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505 және 506 - баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 1, 2, 3, 4 және 5 аймақтарда автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда 50 (елу) пайызға арттырылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С. Таскулов